«Бекітемін»
Мектеп директоры:
С.Маденов
«03»09.2023ж

# ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
# КЕЛЕС АУДАНЫ

# №10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебінің қамқоршылық кеңестің жылдық жоспары

2023-2024 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

БЕКІТЕМІН:
Қамқоршылық кеңесінің
төрағасы: ________

**Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары**
**2023-2024 оқу жылы**

| № | Отырыс | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген 27.06 2017ж. № 355. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелерін зерделеу<br>2.2023-2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңесті сайлау Қамқоршылық кеңестің тізбесін қалыптастыру<br>Қамқоршылық кеңестің төрағасын, хатшысын сайлау<br>3.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.<br>4.«Мектепке жол» акциясына қатысу | Қыркүйек | Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мектеп директоры |
| 2 | Оқу процессін ұйымдастыруда жарақаттанудың алдын алу және қауіпсіз орта құру бойынша жұмыстарды талдау<br>ҚР Тәуелсіздік күніне арналған іс – шараларына қатысу<br>Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге қатысуға қоғам мен демеушілерді тартуға көмек.<br>4. «Қамқорлық» қайырымдылық акциялары | Желтоқсан | Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мектеп директоры |
| 3 | 2023 жылғы 1,2 тоқсан бойынша Зеренді ауданының «Қостомар а. негізгі орта» КММ мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есеп<br>Наурыз мерекелік іс-шараға қатысу<br>3. Патриоттық тәрбие айлығын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарында қатысу: Жеңіс Күні және Қорғаушылар Күніне мерекелік іс-шараға қатысу. Ұлы Отан Соғысы ардагерлеріне көмек көрсету. | Наурыз | Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мектеп директоры |
| 4 | Оқушылардың арасында салауатты өмір салтымен құқық бұзушылықтардың алдын алу<br>Жазғы демалысты ұйымдастыру және жазғы демалыс кезінде оқушыларды пайдалы жұмыспен қамту<br>Қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы есеп.<br>2023-2024 оқу жылы | Шілде | Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мектеп директоры |

Жаңартылған күні: 09.11.2023
Құрылған күні: 09.11.2021

Сканировано с CamScanner

**№10 «Игілік» жалпы білім беретін орта мектебі» КММ**

**Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жылдық есебі 2023-2024 оқу жылы**

**Хаттамасы**

***Күн тәртібінде:***

1.2023-2024 оқу жылыныда жасалған оқу-тәрбие жұмыстары бойынша қамқоршылық кеңеске берген есебі.

***Тыңдалды:*** мектеп директоры С.Маденов өз баяндамасында:

Уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңартып отыру - бүгінгі күннің басты талабы. Осы мақсатты көздеген №10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебінің ұжымы 2023-2024 оқу жылының I-жартыжылдығын табысты аяқтады.

№10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылының I-жартыжылдығын 508 оқушымен аяқтадық. 1-4 сыныпта – 10 сынып- 165 оқушы, 5-9 сыныпта -13 сынып - 287 оқушы, 10-11 сыныпта - 4 сынып - 56 оқушы білім алды, 2 МАД тобында 36 тәрбиеленуші болды.

Мектептегі педагогикалық қызметтің білім берудің мемлекекттік стандарт талаптарына сайкестігін, мектептің одан әрі дамуын қалыптастырыру мақсатында - **Мектептің даму жоспары** 2023-2024 оқу жылдарына жасалынды және 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық **жоспары** жасалынды. Даму жоспарында алдағы 5 жылда қол жеткізетін индикаторлар: білім сапасы, педагог кадрлардың құрамын жақсарту, жас мамандарды тәрбиелеу, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары жоспарланып, нақтыланды. Жылдық жоспарда бір жыл ішінде алдымызға қойған нақты мақсаттарды белгілеп, жұмыс жүргізілетін болады. Онда - жалпыға бірдей міндетті білім берудің орындалуы, педагог кадрлармен жұмыс, мектеп құжаттарын жүргізуд бақылау, оқушылардың білім-білік дағдылары, оқу-материалдық база пәндердің оқыту сапасын бақылау, құқық бұзушылықтың алдын-алу, жетім қамқорлықтағы, әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы отбасы балаларының әл-ауқатын арттыру, психологиялық көмек, оқушылардың тәрбиел деңгейін жақсарту, бос уақытын ұйымдастыру, үйірме мен секциялардың сыныптан тыс іс-шаралардың мазмұнын жақсарту қарастырылды. 2023-20 оқу жылына жоспарланған іс-шаралар дер кезінде орындалып, директ жанындағы кеңес, өндірістік отырыстарда, педагогикалық кеңесте қарал отырғандығын айтты.

Сканировано с CamScanner

Мектептің тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Б.Абдикаримов сөз кезегін алып, өз есебін жасады.

1. 2022 жылдың тамыз айында ҚР 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар балаларға жыл сайынғы дәстүрлі республикалық «Мектепке жол» дәстүрлі республикалық акция аясында мектеп жасындағы ата ананың қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыдан, көп балалы, мемлекеттік атаулы көмек алуға құқығы бар отбасыдан шыққан балалар, білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де білім алушылар, мемлекеттік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар анықталып демеушілер тарапынан көмек көрсетілді.
2. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекеленген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыру ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына және білім беру **ұйымының алқалы** басқару органы айқындайтын 40 оқушыға бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылған.
3. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында демеушілер тарапынан түскен қаражатқа қыркүйек айында мектебіміздің аз қамтылған, көп балалы отбасыларынан шыққан оқушылардың 1-4 сынып аралығында қосымша
4. **8** оқушыға 01.09.2023 жыл күнінен бастап 30.12.2023 жылғы күнге дейін, яғни 4 (төрт ай) күнделікті бір мезгіл ыстық шай және тәттілермен қамтамасыз етілді .
5. Қазан айында мектебіміздің бір сәтсіз отбасынан шыққан 5 сынып оқушысы Бажан Азаматтың оқу құралдарын салатын сөмкесі тозуына байланысты, мектеп әкімшілігі тарапынан жаңа сөмке ұйымдастырылып табысталды.
6. Жаңа жылдық шыршаға қарсы демеуші тарапынан **15** оқушыға түрлі тәттілермен сыйлықтар берді.
7. 2023 жылдың желтоқсан айында аудан әкімінің өткізуімен аудандық шыршаға мектебімізде күн көріс деңгейі төмен отбасынан шыққан 1 (бір) оқушымызға мектеп әкімшілігі тарапынан демеушілер тартылып, жалпы суммасы 15000 (онбес мың) теңге көлемінде мектебіміздің ұстаздарының демеушілігімен силық тарту етілді
8. Омар Мадияр Түркістан облыс әкім шыршасына, ал Мамадияр Аяна аудан әкімінің шыршасына қатысты. Жоғарыдағы аталған оқушыларға қыстық күртешелер мен түрлі тәттілер берілгендігін айтты..

Сканировано с CamScanner

**Жарыс сөз:**

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б. Уалиев мектепке көмек керек болып жатса қол ұшын созуға дайындықтарын айтты.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері мектепке – ауыл азаматтары тарапынан қолдау көрсетуге дайын екендігін айта келе өз пікірлерін білдірді.

***Шешімі:***

1. 2023-2024 оқу жылының 1-жарты жылдықта жасалған оқу-тәрбие жұмыстары бойынша қамқоршылық кеңеске берген есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Б. Уалиев

.

Қамқоршылық кеңес орынбасары: Бердиев Н.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі: Жаркынбеков М.Ж.

Байдуллаев М.О.

Аманкулов Б.

Төреқұлов Б.Ж.

Асилбеков Н.А.

Оралов Д.А.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы: Ермаханова Л.

Сканировано с CamScanner